

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Ғылым комитетінің № 6 мәжілісінің шешімдері

Түркістан қаласы

23.02.2026 ж.

Сағат: 15:00

Өткізілген орны: Сенат залы/ онлайн *идентификатор:93584232655, пароль:844630*

Регламент: 3-5 минут

**Қатысқандар:**

ҒК төрайымы Ошибаева А., ҒК төрайымының орынбасары Масадиков Х., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, журналдардың редакторлары, «Тұран» баспахана директоры И.Назымханов, Кітапхана директоры А.Абсеметова, Ғылыми жинақ авторы М.Әліпхан, Монография авторы Ж.Ибрагимов.

**Күн тәртібі:**

1. Жас ғалымдар кеңесі жоспарының орындалу барысы туралы мәлімет (Баяндамашы: *Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы С.Полатұлы*);

2. Университет ғылыми журналдарының жалпы атқарған жұмыстары туралы мәлімет (*Қосымша №4 бойынша ұсынады*) (Баяндамашылар: *Журналдардың редакторлары, Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы А.Садықова*);

3. Әр түрлі мәселелер.

3.1 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 2025–2026 оқу жылының қысқы кезеңінде қабылданған докторанттардың ғылыми жетекшілері және магистранттардың ғылыми жетекшілері мен диссертация тақырыптарын Сенатқа бекітуге ұсыну (Баяндамашы: *Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);

3.2 Докторанттар мен магистранттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, қайта бекітуге Сенатқа ұсыну (Баяндамашы: *Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);

3.3 Филология факультетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. М.Әліпхан дайындаған «Толық адам танымы» атты ғылыми жинақ кітабын Сенат мәжілісіне ұсыну (Рецензенттері: *Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, ф.ғ. докторы Б.Әбдіғазиев, Абай атындағы ҚазҰПУ доценті, ф.ғ. кандидаты Ж.Шойынбет, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, ф.ғ. кандидаты П.Адиева (Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 – 59,47%, ҰК2 – 47,50% (университет қаражаты есебінен)*) (Баяндамашы: *М.Әліпхан*);

3.4 Филология факультеті, «Түрік филологиясы» кафедрасының PhD, аға оқытушы Ж.Ибрагимов дайындаған «Көне түркі тілі және қазақ диалектілері сөздік қорының тарихи сабақтастығы» атты монографиясын Сенат мәжілісіне ұсыну (Рецензенттері: *Алишер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі және әдебиеті университетінің ф.ғ.д., профессор С.Аширбоев, Самарқан мемлекеттік педагогикалық университетінің PhD, доцент И.Еқубов, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түрік филологиясы кафедрасының доцент м.а., ф.ғ.к. Е.Омирбаев (Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 – 5,40%, ҰК2 – 2,08%, өз қаражаты есебінен)*) (Баяндамашы: *Ж.Ибрагимов*);

3.5 «Archeology of Turan» атты электронды журналын ашу туралы (Баяндамашы: Археология ғылыми-зерттеу институтының директоры К.Жетібаев).

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

### ШЕШІМДЕРІ:

1. Жас ғалымдар кеңесі жоспарының орындалу барысы туралы мәліметі назарға алынсын (Жауапты: Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы С.Полатұлы).

2. Университет ғылыми журналдарының жалпы атқарған жұмыстары туралы мәліметі назарға алынсын (Жауапты: Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы А.Садықова).

3. Әр түрлі мәселелер.

3.1 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 2025–2026 оқу жылының қысқы кезеңінде қабылданған докторанттардың ғылыми жетекшілері 1-кестеге сәйкес және магистранттардың ғылыми жетекшілері мен диссертация тақырыптары 2-кестеге сәйкес Сенат мәжілісіне бекітуге ұсынылсын (Жауапты: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов).

3.2 Докторанттар мен магистранттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілеріне өзгерістер мен толықтырулар 1-кестеге, 2-кестеге, 3-кестеге, 4-кестеге, 5-кестеге сәйкес енгізіліп, қайта бекітуге Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов).

3.3 Филология факультетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. М.Әліпхан дайындаған «Толық адам танымы» атты ғылыми жинақ кітабы 50 дана тиражбен (16x24 форматта, тігілген қалыпта, қатты мұқабада) (университет қаражаты есебінен) баспадан шығаруға Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: М.Әліпхан).

3.4 Филология факультеті, «Түрік филологиясы» кафедрасының PhD, аға оқытушы Ж.Ибрагимов дайындаған «Көне түркі тілі және қазақ диалектілері сөздік қорының тарихи сабақтастығы» атты монографиясы (өз қаражаты есебінен) баспадан шығаруға Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Ж.Ибрагимов).

3.5 «Archeology of Turan» атты электронды журналын ашу бойынша Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Археология ғылыми-зерттеу институтының директоры К.Жетібаев).

Ғылым комитетінің төрайымы:

Мәжіліс хатшысы:



А. Ошибаева

Д. Төлегенова